



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Ұлттық Банк кәмелетке толмаған балаларға қатысты цифрлық алаяқтық туралы ескертеді

Астана қ.

2025 жыл, 8 шілде

Қазақстан Ұлттық Банкі цифрлық кеңістікте балалар мен жасөспірімдерге қатысты интернет-алаяқтық көбейіп бара жатқанын ескере отырып, азаматтардың назарын кәмелетке толмаған балаларды қорғау шараларын күшейту қажеттігіне аударды.

Қаскөйлер әлеуметтік инженерия әдістерін белсенді қолданып, өздерін таныс адам, мемлекеттік органның немесе әртүрлі ұйымдардың қызметкері ретінде таныстырып, жеке және қаржылық ақпаратқа қол жеткізуге тырысады.

Алаяқтықтың кең тараған тәсілдеріне фишинг пен спуфинг жатады – бұл парольдерді, банк картасының деректерін және басқа да құпия мәліметтерді ұрлау мақсатында жалған сайттар мен мобильді қосымшаларға сілтеме жіберу арқылы жүзеге асады.

Қосымша қауіп төндіретіндер – пайда табу, дерек ұрлау немесе зиянды контент тарату мақсатында әрекет ететін «виртуалды таныстар».

Осындай қауіптердің алдын алу мақсатында Ұлттық Банк ата-аналар мен педагогтерді балаларға кибергигиена негіздерін және интернетті қауіпсіз пайдалану ережелерін үйретуге шақырады. Жасөспірімдер өзінің жеке және дербес деректерін қорғау қаншалықты маңызды екенін ұғынуға тиіс. Әрбір ата-ана баласының мобильді құрылғысына «ата-ана бақылауы» функциясын, антивирус бағдарламасын және браузердің қауіпсіз режимін пайдаланғаны жөн. Сондай-ақ, балалардың онлайн саудасын және қаржымен байланысы бар әрекеттерін бақылап, сенімді құпиясөз орнатуға көмектескені және қос факторлы аутентификацияны іске қосып бергені дұрыс.

Жасөспірімдерге бейтаныс адамдармен хат алмасуға, жеке мәліметтер мен фотосуреттерді бөгде адамдарға жіберуге, ата-анасының келісімінсіз онлайн-сауда жүргізуге болмайтынын, сондай-ақ тек ресми сайттар мен қосымшаларды пайдалану керек екенін ескерту қажет.

Қазақстан Ұлттық Банкі кәмелетке толмаған балалардың цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету – тек ата-ананың ғана емес, педагогтер мен балалардың өздеріне де жүктелетін ортақ міндет екенін еске салады.

Keңес алу үшін 1477 нөмірі бойынша Ұлттық Банктің Байланыс орталығына хабарласуға болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz